Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№17 (554)
25 сәуір,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

Сурет анық дерекқордан алынды. Коллаж АЖ

«ШЫНЫ ЖАРТАС»

ШЫҢЫНДАҒЫ ШЫНАРЛАР

Нар тұлға, батыл, қайратты деген сөздерді естігенде көз алдымызға ер адамдардың бейнесі елестейді. Алайда бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен әйел затының жеткен жетістіктері туралы айта бермейміз. Бұл мақаламызда «шыны жартастың» шыңына бірінші болып жеткен шынарлар туралы сөз қозғайтын боламыз. Себебі Қазақстанның еңбек нарығында 4,3 миллион әйел бар екенін білдік.

ЖАҢА ҰҒЫМ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Бұл ұғым 2005 жылы Эксетер университетінің қабырғасында білім беретін ғалымдар Мишель Райан мен Александр Хасламның арқасында қолданысқа енді. Олар "басшылықта әйел болса, ол құрдымға әкеледі" деп білген ғалым Элизабет Джадждың тұжырымын теріске шығарған. Элизабет "тізгінді өз қолына алған әйел мамандар компанияға зиянын тигізеді, сондай-ақ олардың кесірінен қаржылық көрсеткіштер төмендейді және фирма пайдасын жоғалтады" деп пайымдаған. Алайда Мишель мен Райан жүздеген компания арасында зерттеу жүргізіп, мынадай теория ұсынған: компания құрдымға кеткен кезде барып, әйел адамдарды басшылар қатарына қосады.

Психологиялық тұрғыдан алып қарасақ, әйел адамды кінәлі етіп көрсету ұтымдырақ. Мұның бірнеше аспектісі де бар. Ғалымдардың айтуынша, әйел адам – ер адамның келтірген залалдарын түзетуге бейімделген. Себебі олар – төзімді, өзін тыңдатып және өзгеге де құлақ асуға бейім. Сондай-ақ кез келген жағдайда жол тауып, екі жаққа да тиімді шешім шығарып, компромисске келе алады. Бұл тұрғыда ер адамдар көбіне бір жақты ойланатыны рас.

2

IT ЖОБАЛАР

АВТОРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕН ӘРІ АСПАЙ ЖАТЫР

Елімізде IT саланы, оның ішінде робототехниканы дамыту өте маңызды. Осы орайда робототехника саласында бірқатар жобаны сәтті жүзеге асырған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, "Компьютерлік бағдарламалар" бөлімінің басшысы, ғалым Арыстанбек Тұяқбаевпен емен-жарқын әңгіме өрбіттік.

– Арыстанбек аға, ғаламды жаулап алған цифрлық сала бойынша аймақта алғашқылардың бірі болып нәтижелі жұмыс атқарған білікті мамансыз. Қазір қандай жобамен айналысудасыз?

– Бүгінде қай саланың да болашағын цифрландырусыз елестету мүмкін емес. Елімізде көптеген жұмыс атқарылуда. Өйткені дамыған елдерге жету үшін тоқтаусыз еңбек қажет. Бірақ көп жағдайда IT жобалар авторлық деңгейден әрі аспай жатыр. Басым бөлігіне мемлекеттік қолдау қажет. Қазір үш бағытта еңбек етудемін. Алғашқысы, e-univer платформасы. Бұл – университеттегі оқытушылар мен студенттерді бір-бірімен байланыстыру, жұмыс процесін автоматтандыруға арналған жүйе. Екінші бағыт – виртуалды зертхана жасау.

4-бетте

БӨГЕННЕН БҮГІНГЕ ДЕЙІНГІ БОЛМЫС

Бүгін Нұрлан Нұрмахановтың туған күні! Ердің жасы елуге келіп жатыр. Бұл есім Сыр өңірі журналистикасында ойып тұрып орын алады. Студент кезінен қолынан қаламын тастамай, Қызылордадағы ақпарат құралдарымен байланыс құрып, әр жанрда материал жазып, оқырманның жүрегінен орын тапты. Оның шағын ақпараттан бастап корреспонденция, репортаж, сұхбаттары өз алдына, проблемалық және сыни мақалалары көптің есінде. Ал қаламынан туған фельетондары мен сатиралық шығармалары келеңсіз жағдайлардан жиіркендіру арқылы қоғамды тәрбиелеуге бағытталғанын бағамдау қиын емес.

Нұрлан Көбегенұлының журналистикаға қадам басқанына отыз жылға жақындап қалды. 1993 жылы Қызылордаға оқу іздеп келген оның алғашқы туындысы облыстық газетте 1994 жылы жарық көрді. Сол жылы радиодан корреспонденциялары, мақалалары көпшілікке жетті. Оқуын тәмамдап, қолына диплом аламын дегенше тыным таппаған қаламгердің журналистикадағы қолтаңбасын, бүгінгі жетістікке жеткен қадамдарын үзеңгілестері жақсы біледі.

3-бетте



Жанарыс ТҮБЕКБАЕВ:

РЕЗИДЕНТТЕР ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Kyzylorda Hub орталығының резиденті атану үшін бізге өтінім жіберіп, іс-шаралар мен бағдарламаларға қатысу қажет. Өтінімдер ерікті түрде www.kyzylordahub.kz сайтында немесе kyzylordahub инстаграм парақшамызда қабылданады. Іріктеу критерийлері жоқ, біз кез келген идеяға ашықпыз. Бастысы, қатысушының жігері мен ынтасы.

5-бетте

МОПЕД. ҚАУІП СЕЙІЛЕР ЕМЕС

Қала ішінде көліктердің арасынан арпалыса өтіп, тапсырысты жеткізуге асыққан, мопед жүргізушілерін көп көретін болдық. Жүйіткіген қос дөңгелектегілерге қатысты сан алуан пікір айтылып жүр. Көше қозғалысына енді ғана араласа бастаған бұл көлік түріне сұраныс артқан. Заң аясында белгілі ережелер мен шектеулер де бар.

Мопед – көлемі 50 текше см-ден аспайтын мотормен қозғалысқа түсетін көлік. Екі немесе үш дөңгелекті, ал ең жоғары конструктивті жылдамдығы сағатына 50 шақырым болады. Мопедке аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер және осындай сипаттағы басқа көлік құралдары жатады.

Күнделікті қаржы үшін қолданысқа ыңғайлы әрі жанар-жағармайды да көп қажет етпейтін мопед қарапайым халық үшін «құтты көлік» болып тұр. Мопед мінген жүргізушілердің дәрежесі велосипед айдаушылармен тең болғандықтан барар жеріне тез жету үшін арнайы жолақты басып өтіп, автомобиль жолдарын пайдаланады. Кептелісте кедергісіз қозғалатын бұл көлік түріне төнер қауіп те аз емес.

2

Басы 1-бетте

«ШЫНЫ ЖАРТАС» ШЫҢЫНДАҒЫ ШЫНАРЛАР

Саясаттағы сұлулар

Саясат төңірегінде сынға түсетін сұлу аз деп айта алмаймыз. Себебі гендерлік теңсіздік әлі күнге дейін актуалды мәселе. Басшылықтан әйел адамды көргенде шошынатын халық, билік басына келген әйелге сенімсіздік танытатыны да жасырын емес. Дегенмен, Абай айтқан "ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі" тең ұстап, көреген шешім, батыл қадамымен сап көшіне шыққан арулар жетерлік.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың 5 ақпанында Қазақстан Үкіметі толық құрамда отставкаға кеткен болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен 6 қаңтарда елдің жаңа Премьер-Министрі тағайындалып, Министрлер кабинеті құрылған еді. Біршама өзгерістер енгізілген Үкімет басшылығы 4 әйелмен толысты. Атап айтсақ, Аида Балаева – Мәдениет және ақпарат министрі, Тамара Дүйсенова – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары қызметін сақтап қалды, ал Светлана Жақыпова Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі лауазымында қалса, сырбойлық Ақмарал Әлназарова – Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындалды.

Ақмарал Әлназарова – жоғары санатты қазақстандық дәрігер-гигиенист, жоғары санатты дәрігер-педиатр, медицина ғылымдарының докторы. Еңбек жолын қарапайым дәрігерліктен бастаған ол үздіксіз еңбегі мен қажырлы қайратының арқасында денсаулық сақтау министрі қызметіне дейін көтерілді. Осы кезге дейін әлеуметтік салада тиянақты қызмет атқарған Ақмарал Шәріпбайқызы ел игілігі үшін аянбай тер төгетінін айта отыра, көкейкесті мәселелерді түп тамырымен шешу – жарқын болашаққа жол ашады деген пікірді алға тартады.

Ал Қазақстан тарихында ең алғаш әйел-әкім титулына ие болған саясаткер Гүлшара Әбдіхалықова. Сыр бойының тумасы мансаптық баспалдағын әлеуметтік қызметкер болып бастаған. Оның көптеген белестен көрініп, беделді қызметтерді атқарғаны бәрімізге мәлім. Биязылығымен біраз жанды мойындата алған Гүлшара Әбдіхалықовадан кейін әлі облыс басшылығына әйел адам тағайындалмады.

Білігі мен білімі қатар жан

Қызметін абыройлы атқарып, білім саласында көпшілікті мойындата білген жандар арасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ең алғаш әйел басшысы болған Бейбіткүл Сәрсемханқызы бар.

Еңбек жолын Қазақ қыздар педагогикалық институты филология факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып бастаған ол бүгінде Қорқыт ата университетінің басқарма төрағасы-ректоры, Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты. Жас ғалымдарды қолдау мақсатында жыл сайын университет бюджетінен ғылыми зерттеулерге гранттар бөледі. Олардың жалпы көлемі 20 млн теңгені құрады. Ректор студенттерімен қатар өзі де әлі күнге дейін біліктілігін арттырып, жаңа білім алуға ынталанып тұрады. Оқу орнын жоғары деңгейге көтеріп, дамыған елдермен халықаралық байланысты нығайтып, әрбір студенттің лайықты білім алуын жан-жақты қамтамасыз етіп отырған Бейбіткүл Кәрімова барлық шәкіртін қолдауға дайын екенін жеткізді.

Спорт саңлағы

Нәзік жан дегенімізбен ептілі мен батылдығы басым аруларды жиі кездестіреміз. Спорт саласында да өзін дәлелдеп, сыр бойының беделін асқақтатып жүрген аруларымыз да бар. Солардың бірі және бірегейі – Мөлдір Жаңбырбай. Ол Мажарстандағы каратэден әлем чемпионатында азуы алты қарыс дамыған мемлекеттерден келген кіл мықтылардан басып озып, дүбірлі додада ең алғаш аталған спорт түрінен әйел-чемпион атанған. Қарсыласын табандылықпен жеңіп, күллі қазақ елінің мақтанышына айналған Мөлдірдің есімі тарихта қалатыны сөзсіз.

Билік басындағы бикелер

Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің 55,4%-ы әйелдер. Билік 2030 жылға қарай басшылықтағы, соттағы, мемлекеттік органдардағы, квазимемлекеттік компаниялардағы және корпоративтік сектордағы әйелдердің үлесін 30%-ға дейін жеткізуді жоспарлауда.

Парламентаралық Одақтың (ЖПҚ) соңғы есептеулеріне сәйкес, Әлем парламенттеріндегі әйелдердің үлесі 26,9%-ға жетті. Бір жыл ішінде бұл көрсеткіш 0,4%-ға өсті, ол 2022 жылғы өсу қарқынына сәйкес келеді. Алайда бұл көрсеткіш 2020-2021 жылдары депутат әйелдердің санының 0,6%-ға тез өсуіне байланысты сәл бәсең екендігін көрсетіп отыр. Сондай-ақ бүкіл әлем бойынша жаңадан сайланған 27,6% депутат – әйелдер. Бұл алдыңғы сауалнамаларға қарағанда 1,4 пайызға көп.

Әйелдің 40 жаны бар

Нәзік жандар кез келген салада жетістікке жету үшін көп жұмыс істеуі қажет болады. Жұмыстың қиындығы ешкімді алаңдатпайды. Егер ол компания жұмысын жақсарта алмаса, мұны мансапқа соққы дей берсек те болады. Себебі әйел адамға деген сенім мардымсыз. Алайда көп жағдайда әйел басқарған жер жетістікке жетпей қоймайды. Атап өткеніміздің бәрі әйел затының билікке оңайлықпен келе салмайтынының айқын көрінісі.

– Көптеген елде «әйелдің саясатта орны жоқ, ол қалай басқаруды білмейді» деген стереотип қалыптасып қалған. Бірақ бұл пайымдауды жоққа шығарамыз. Мен саяси мансабымды тек өзімнің арқамда құрдым. Шынында да, әйелдердің артықшылықтары бар – жұмсақ күш иесі, икемділік пен даналық, әділеттілік, педантикалық қабілетке ие, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына бейімділік аз. Әйел саясаткерлер ер адамдардан кем жұмыс істемейтіндіктерін дәлелдеді.

Маған ерлер командасында жұмыс істеу қиын емес. Депутаттар әріптестеріне құрметпен қарайды, ал қалғанының бәрі бізге байланысты. Бәрімен күресуге дайынбыз, – дейді қоғам белсендісі, саясаткер Қарақат Әбден.

Түйін: Тарих беттерінде Томиристің, Клеопатра мен Тереза ана секілді тұлғалардың есімдері бекерден бекер қалмағаны анық. Елімізде жыл санап әйел мәртебесінің көтеріліп, заңға да көптеген өзгерістің енгенін көріп жүрміз. Бүгінде гендерлік шектеулер әйел затының мысын баспайды. Керісінше олар алға ұмтылуға, биік көтеріліп, жаңа жобаларды іске асыруда. Бұл болашақта арулар қысымсыз, кез келген ортада өз орнын табады деген үміт сыйлайды.

Қорлан САРЫ

МОПЕД. ҚАУІП СЕЙІЛЕР ЕМЕС

Басы 1-бетте

Былтыр 30 тамызда күшіне енген «Жол жүрісі туралы» заңдағы түзетулер мен 18 қыркүйекте жол ережесіне енген өзгеріске сай мопедші тротуар немесе жол жиегімен ғана емес, веложол және веложолақпен де жүре алмайды.

Жол ережесінде мопедшіге арналған шектеулер бұл ғана емес. Мопед мінген адамға мыналарды істеуге болмайды: рөлді кем дегенде бір қолмен ұстамай жүргізуге, жолаушы тасуға (жолаушы тасуға арналған арнайы орны болмаса), жүк тасуға (жүк тасуға арналған арнайы құрылғысы болмаса, сондай-ақ жүктің ұзындығы мен ені 50 сантиметрден асса және алып жүргенде қиындық тудыратын болса), трамвай жолы бар және бір бағыттағы жолақ саны бірден көп жолда солға немесе кері бұрылуға, мопед, электросамокат, велосипед сүйреуге (мопедпен сүйреуге арналған тіркемені қоспағанда), қараңғы уақытта өзге көлік жүргізушісіне көрінетін жарық шағылыстыратын зат тақпай жол бойында жүруге тиым салынады.

Жол ережесінің 24-бөлімі, 1-тармағында мопедті тек 16 жасқа толған адамдар жүргізе алатыны жазылған. Соған қарамастан соңғы уақытта қала көшелерінде 16 жасқа толмаған балалардың скутер және электросамокат айдауға рұқсат жоқ бола тұра, осы көлік түрін басқарып жүргенін жиі көреміз. Тәртіпті ескермеу салдарынан жол апаты болып жатқан жайттар да аз емес.

Биыл Алматы қаласының өзінде мопедке қатысты 223 көлік апаты тіркелген. Бұл – дабыл қағарлық жағдай. Қызылорда облысының Полиция департаментінің тапсырмасы бойынша 9 қыркүйектен бастап облыста жүргізілген арнайы іс-шара нәтижесінде жол ережесі талаптарын сақтамаған барлығы 53 скутер мен 10 самокат, мотоцикл және скутер иелері әртүрлі әкімшілік жауапқа тартылған.

Негізгі заң жобасына сәйкес, мопед жүргізушілері Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексте көзделген баптарға сәйкес толық жауапкершілікке тартылады. Бұл норма мас күйде мопед қолданған жүргізушілер санын, мопедтердің қатысуымен болатын жолкөлік оқиғалары мен жарақат алуды азайтуға бағытталған. Мұнан басқа мопед жүргізушілерін толық жол қозғалысына қатысушыларға теңестіру ұсынылып отыр.

Бұдан былай азаматтар мопедтерді басқару үшін уәкілетті органда міндетті тіркеуден өтеді. Сонымен қатар, «А1» санатындағы жүргізуші куәлігін алып, жыл сайынғы техникалық байқаудан да өтуі тиіс.

Көлік құралдары жүргізушілері азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды рәсімдеуі қажет. Жергілікті атқарушы органдарға электр самокаттарды пайдалану тәртібін анықтау өкілеттігі беріледі.

Жол ережесі мен «Жол жүрісі туралы» заңның бұрынғы нұсқасында мопедші шлем киюге міндеттелмеген. Ол мотоцикл жүргізушісіне міндетті болатын. Енді жол ережесінің 24-бөлімі 171-тармағының 8-тармақшасында мопедшіге шлемсіз жолға шығуға тыйым салынады. Ережеде шлем қандай болу керегі нақты жазылмаған, бірақ мопедші Е стандартынан төмен емес жарамды сертификаты бар жоғары сапалы шлем киюі қажет. Мұндай жабдық сәл қымбат болатыны анық, бірақ жазатайым оқиға болса, қауіптен қорғайды.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жақсы кітап – жан азығы

Қызылорда. 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің open space кітапхана залында поэзия кеші өтті.

Кеш қонақтары – Сыр өңірінің белді ақындары Айдар Сайлауов, Аружан Оралбай, Ақжол Түменбай жастарға кітаптың құндылығы туралы айтып, кітап оқуды дағдыға айналдыруды, қымбат мұраны бағалау керектігін жеткізді.

Кеш барысында ақындар өз шығармашылықтарынан өлең оқып, ән шырқалды.

Жайдарманда бақ сынады

Арал. "Арал-АС" шығармашылық тобының ұйымдастыруымен, аудандық жастар ресурстық орталығының қолдауымен аудандық жайдарман ойындарының 1/2 жартылай финалы өтті. Әзілкештер сайысында 11 команда бақ сынады.

Аталған ойында аудандық жастар ресурстық орталығының арнайы кубогы тігілді. Жүлделі I орынды "Сазды" құрамасы, II орынды "14 мектеп" құрамасы иемденсе, III орынды "64 пысықтары" жеңіп алды. Нәтижесінде финалға үздік деген 6 команда іріктеліп, жолдама алды.

Ал мамыр айының алғашқы онкүндігінде жайдарман ойындарының финалдық бәсекесін өткізу жоспарлануда.

Жас отбасылар жұптық фестивальге қатысты

Қазалы. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күніне орай Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен Әйтеке би кенттік мәдениет үйінің және Қазалы аудандық жастар ресурстық орталығының бірлесе ұйымдастыруымен өнерлі жанұялардың жұптық фестивалі өткізілді.

Сахна төрінде ән-жырдан шашу шашып, мерекенің сәнін келтірген жұптар халықтың ыстық ықыласына бөленді. Өнер фестиваліне қатысқан әр жанұяға Қазалы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Болат Жолтаев атынан арнайы Алғыс хаттар беріліп, ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтар табысталды.

Тарихи қалашықпен танысты

Қармақшы. Аудандық жастар ресурстық орталығы ерікті жастарының қатысуымен Сортөбе қалашығына экотур ұйымдастырылды.

Экотурдың мақсаты – жастарды тарихи-мәдени ескерткіштермен таныстыру, жастардың толыққанды демалысын ұйымдастыру

Шара барысында олар тарихи-мәдени ескерткіштерді танумен қатар, тазалық жұмыстарын өткізіп, археологиялық ескерткіш туралы кең көлемде мағлұматтар алды.

Түркістан жеріне саяхат

Жалағаш. Аудан әкімдігінің қолдауымен «Жалағаш – Достық мекені» қоғамдық бірлестігі, аудандық әйелдер кеңесі және «Темірқазық» қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып Түркістан қаласына саяхат ұйымдастырылды. Киелі Түркістан топырағына сапарлаған «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің жастары, аудандық әйелдер кеңесінің мүшелері, этнос өкілдері киелі мекеннің тарихымен кеңінен танысып, көне деректерге қанық болды. Сапар барысында әуелі Сауран қалашығының орнына аялдап, онан әрмен Арыстан баб кесенесіне, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне және Отырарға табан тіреді.

Айта кетейік, сапар барысында бөлім қызметкері Арыстанбек Байқабылов әрбір тарихи орынның, жәдігердің тарихы, қалашықтардың ортағасырдағы дамуы және бүгінгі күнге дейінгі сақталуы туралы көне деректер, тың мәліметтермен бөлісті.

Ұлттық дәстүр ұлықталды

Сырдария. Ұмытылып бара жатқан құндылықтарды қайта жаңғырту мақсатында Сырдария ауданында «Дәстүр TREND» атты аспаздар мен қолөнершілер сайысы өтті. Тартысты сайыс аудандық жастар ресурстық орталығы қолдауымен және мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өтті.

Аудандағы жас келіндер арасында өткен сайыс «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында ұйымдастырылды. Тәрбиелік мәні мен тағылымы мол сайысқа кент және ауылдық округтерден 20-35 жас аралығындағы аспаздар мен қолөнер шеберлері қатысты.

Сайыс қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға арнайы алғыс хат, ал жүлделі орын иемденген жеңімпаздарға қаржылай сыйақы мен арнайы естелік сыйлықтар табыс етілді.

Қытай елінде өнер көрсетеді

Шиелі. Алматы қаласында "Біз өмірдің гүліміз" атты бүлдіршіндер арасында өткен республикалық өнер байқауында "Аспапта ойнау" жанры бойынша өнер көрсеткен №158 орта мектептің 7-сынып оқушысы Бақдәулет Айтбайұлы лауреат атанып, Қытай мемлекеті Хоргос қаласында өтетін "Ғұмырдария" халықаралық балалар байқауына жолдама иеленді.

Білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марат Ақпанбетов жеңімпаз оқушыны жеке қабылдап, аудан абыройын асқақтатып, алдыңғы қатардан көрінгені үшін алғысын білдірді. Сонымен қатар, алдағы додаларда да тек биіктерден көрінетініне сенім білдірді.

Жаңа баспана сыйлады

Жаңақорған. "Жаңарған Жаңақорған жастары" еріктілері бастамасымен және кәсіпкерлер, аудан халқының қолдауымен бой көтерген баспана Сахиевтер отбасына табысталды.

Тозығы жеткен тұрғын үйде біршама жылдан бері тұрып жатқан Бөгенбайды «науқас әкесі мен анасына қолғабыс болып, қара жұмыстан әсте қашқан емес» дейді таныстары. Баспананың іргетасы қасиетті Рамазан айының алғашқы күні қаланып, айттың екінші күні көптің алдында мұқтаж отбасыға табысталды. Тосынсыйға тосылып қалған жандар қуаныштың көз жасына ерік беріп, елге алғысын білдірді.

Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетов ақжарма лебізін айтса, ауданның бас имамы Әбдіхалық қажы Наметов пен ел ағасы Сәйділла қажы ақ батасын берді.

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

Бөгеннен бүгінге дейінгі болмыс

** Газеттің бөлім меңгерушілері Нұржан Оспанов, Нұрлан Көбегенұлы және хатшы Гүлжаһан Жүсіпова мен бухгалтер Қаламқас Кенесариевалар редактордың орынбасары Аманжол Сақыпұлының кабинетінде жиналып, бір келелі жұмыстың басын ашып алғаннан кейінгі көңілдері көтеріңкі болып отырған сәті.*

Өнегелі өмірбаян

Ол «екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» деп емес, «бірнеше кеменің басын ұстай алмаған суға кетеді» деп санайды. Сондықтан ба, қазіргі таңда «Әлімсақ» журналының және «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы, «Болашақ» университетінің аға оқытушысы сынды бірнеше жұмысты қатар істеп отыр.

Әріден қозғар болсақ, ол 1974 жылы 25 сәуірде Арал ауданы, Бөген ауылында дүниеге келген.

– Менің туған жерім – өткен ғасырдың басында Кеңес дәуірінде елімізге мәшһүр болған тарихи мекен. Революция көсемі атанған В.Лениннің аштықтан бұратылып жатқан Поволжье халқына көмек сұрап жазған хатынан кейін, жауап ретінде балықшылар күні-түні Арал теңізінде су маржанын сүзіп, өздері балықтың сүйегін суға қайнатып, талғажау етіп отырса да, 14 вагон шикі балық жөнелткен, бойында қайсарлық пен имандылық ұялаған азаматтары бар ауыл. Есімі қазақ әдебиетінде алтын әріппен жазылып қалған қайсар ақын Зейнолла Шүкіров туған топырағы құнарлы жер. Мен осындай мақтануға тұрарлық ауылда дүниеге келдім. Осы ауылдың топырағында аунап-қунап өстім, – дейді қаламгер.

1997 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Әдеби қызметкер» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген. 2010 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінен кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алған.

Еңбек жолында да сатылап өскен. 1997-2000 жылдары Сыр елінің танымдық, ақпаратты басылымы «Ақмешіт апталығы» газетінде бөлім меңгеруші, 2000-2009 жылдары аралығында республикалық қоғамдық-саяси «Халық» газетінде бас редактордың орынбасары, бас редакторы, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы, 2009-2011 жылдары қоғамдық-әлеуметтік, экологиялық «Табиғат тынысы» газетінің бас редакторы қызметтерін атқарған. 2009 жылдан республикалық әдеби-мәдени, тарихи-танымдық басылым «Әлімсақ» журналының, 2011 жылдан қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-көпшілік «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы. 2000 жылдан бастап Қазақстан Журналистер одағының мүшесі және филология ғылымдарының кандидаты атанады.

Ой еңбегінің ерені

Шығармашылықта да шыңға шыға білді. Оның өлеңдері 1996 жылы «Теңіз дауысы» атты аймақтық ақындардың жыр жинағына, 2003 жылы «Жүректегі жауһарлар» атты ақындар шығармаларының жинағына, 2007 жылы «Бір жұлдыз болып жанам мен» атты қаламгерлер шығармашылығы жинағына енген. «Алдаркөсенің ұрпағы» (2010) кітабының авторы. 2019 жылы «Алтын қалам» сериясы бойынша «Қазақ сатирасы» кітабына үздік әзілдері енген.

«Жылдың үздік журналисі», «Өткір тілді журналист», «Жыл журналисі», «Қоршаған ортаны қорғаушы журналист», «Руханият жаршысы», «Тарихи таным» номинациялары және ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің, Қазақстан Журналистер одағының, Қызылорда облысының құрмет грамоталары Нұрлан мырзаның еншісіндегі марапаттар.

Н.Нұрмахановтың Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті шығарған «Қазақ әдебиетіндегі тұлға мәселесі» ғылыми еңбектер жинағында «Жанқожа батыр туралы жырлардың тарихилығы» (1999 жыл), Қарақалпақ республикалық «Өркен» әдеби көркем, ғылыми-публицистикалық журналында «Бозбала Жанқожаның батыр тұлғасы» (2001 жыл), «Ел қорғаны ер Жәкем» (Алматы, 2006 жыл) көркем әрі ғылыми жинақ-кітабында «Жанқожа батырдың бейнесі қалай сомдалу керек?» атты ғылыми мақалалары жарық көрген. Бұдан өзге де ғылыми журналдарда, жергілікті басылымдарда ғылыми мақалалары жарияланған. Отыздан аса ғылыми мақаласы жинақтарда жарық көрген.

Кейіпкеріміз түрлі деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысқан. 2004 жылы Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған республикалық, 2005 жылы Ә.Қоңыратбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Ежелгі түркі өркениеті және Қорқыт ата мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» атты халықаралық, 2006 жылы «Жанқожа батырдың тарихи тұлғасы және Сыр еліндегі ұлт-азаттық күрес» атты облыстық, 2007 жылы С.Қирабаевтың 80 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға атсалысқан. 2014 жылы Жанқожа батырдың 240 жылдығына арналған республикалқ ғылыми конференцияда жанқожатанушы ретінде бас баяндамашылардың бірі болды.

«Халық батыры Жанқожа», «Қызылорда облысындағы тарихи-танымдық туризмнің бүгіні мен болашағы», «Үздік жас ғалым», «Жанқожа батыр туралы жырлар», «Әлімсақ» – тарих темірқазығы, ұлт тамыршысы» атты кітаптарды құрастырып шығарған.

2012-2015 жылдары Сыр бойының қайсар қаламгері Зейнолла Шүкіровтің рухын асқақтату мақсатында жас ақындар арасында «Бір жұлдыз болып жанам мен» атты жыр мүшәйрасын және 2014-2015 жылдары «Үздік жас ғалым» ғылыми мақалалар конкурсын ұйымдастырды.

– Мен үшін шабыт – адам бойын еріксіз билеп алатын ерекше сезім. Шабыт келгенде өзіңді де танымай қалуың мүмкін. Жеңіл сезініп, терең тыныстап, рахаттанып, рухтанып, барыңды сарқып тастауға тырысасың. Әлбетте, ол кезге санаға жинаған білімің, көрген-білген тәжірибең, қарым-қабілетің – бәрі-бәрі шабыттың айналасына тоғысады.

Шабыт үшін көңіл-күйдің орны бөлек. Реті келсе, көңіл-күйді түсірмеуге, болмашыға ашуланбауға тырысқан жөн. Бірақ бұл көңілді жүретін адамның шабыты толассыз келеді деген сөз емес. Рас, шығармашылық адамның шабыты асып-тасып жататын кезі де, керісінше, шығармашылық тоқырауға ұшырайтын тұсы да болады. Сол кездерде әр адам өзінше шабыт шақырады.

Менің шабытым – өзімнің екінші бейнем. Өзіммен-өзім сөйлесем, сырласам, ақылдасам, сұхбат құрамын. Өз-өзіме келгеннен кейін публицистикалық дүниелерімді жазуға отырамын. Әзіл әңгіме жазатын болсам, кейіпкерлеріммен бетпе-бет келемін. Егер сатиралық бейне болса, аямаймын, қағытамын, жер қыламын. Юморлық бейне болса, қалжыңдасам, рахаттанып күліп аламын. Ал өлең жазатын болсам, ақындардың, кейде өзімнің өлеңдерімді қатты дауыстап бірнеше рет оқып, поэзия әлеміне еніп, шабытымды шақырып аламын. Бұл – менің өмірім.

Негізі, шығармашылық – ауыр жол. Осы жолда өзіңді аямауың керек. Сондықтан болар, айнаға қарап отырып, өзімді сынаймын. Өз-өзіме есеп берем, кейде өзіме риза болам, кейде өзіме қарауға ұяламын, – деп сырымен бөлісті Н.Нұрмаханов.

Лебіздер легі

– Бүгін БАҚ саласында тұғыры биік қарымды қаламгер Нұрлан Көбегенұлы ұстазымның туған күні. Мен ғана емес талай жас Нұрекеңнен тәлім алып, жазу-сызуы қалыптасып, журналистикаға қанат қақты. Көбегенұлы – туған жерден алыстамаса да есімі елге танылған қаламгерлердің бірі. Жазуы да, философиясы да бөлек тілші деп құрметтеймін.

Қызметке қызықса бүгінде Астана, Алматы секілді бас шаһарлардағы медиахолдингтердің бірінде басшы болатындай білімі де, қабілеті де жететін еді. Бірақ Нұрекең байлыққа, мансапқа қызыққан азамат емес. Мамандығын мәртебе көріп, қаламын қару еткен журналист. Ең басты қасиеті – Нұрекең ізінен ерген жас тілшілерге әркез жол көрсетіп, білген-түйгенін үйретуден жалықпайтын ұстаз. Осы кезге дейін кісілігін көрмеппін. Сатираның хас шебері болған соң, жастармен бір толқында жүреді. Жаны жайсаң ағамыз қашанда ақыл-кеңесін айтатын бізге тілекші жан, – деді ұлттық арнаның Сыр өңіріндегі меншікті тілшісі Әділбек Жақанов.

– Мен ауылда жүрген кемпір мен шалдың еркесі болдым. Заман қиындау, зейнетақыға ғана қарап отырған кез, көп газет-журналға жазыла беруге шама жоқ. Сонда атама жылағандай жалынып «Ақмешіт апталығы» газетіне жазылуға көндіретінмін. Соның ішіндегі сүйікті авторым Нұрлан Көбегенұлы болды.

Түрлі тақырыпты түрлендіріп жазудың шебері. Қаншама ауыл баласының ішіндегі отын тұтатты деп ойлаймын. Студент кезімде жұмыс істегім келіп алдына бардым, қойған талаптары мен жауапкершілігіне психологиялық тұрғыда дайын болмай кетіп қалдым. Әлі күнге дейін тілекші ағамыз, көрген жерде құшағымыз ажыраған емес. Алла қос дүниесіне жақсылық берсін деп тілейміз. Аман жүріңіз, Нұрлан аға, – дейді үш дүркін алтын домбыраның иегері, айтыскер Мұхтар Ниязов.

Оған ауылдастарының да ықыласы мен құрметі ерекше. Оны ақын, ұстаз Ержеңіс Әбдінің пікірінен анық сезіндік.

– Ол – біздің ауылдан шыққан журналист. Бала күнімізде газетті үйлерге таратқанша шыдамай, пошташы апаның үйінің қасында күтіп жүретінбіз. Ол кездегі газетке құмарлығымыз қазіргі әлеуметтік желіге тәуелділіктен асып түседі-ау. Сол басылымдарда Нұрлан Көбегенұлы, Нұрлан Нұрмаханов, Көбегеннің Нұрланы деген үш журналистің де мақалаларын жиі оқып жүрдім. Кейін есейе келе әлгі үш кісі де бір адам екенін білдім. Кішкентай ауылдан қаншама ақын, жазушы, журналист шықты. Бірақ бәрі де мен үшін қол жетпес жұлдыздай көрінетін. Айтқан, жазған әңгімелері аңыз. Мұғалімдеріміз мақтанады, осы мектептен сондай тұлғалар шыққан деп. Қиялға ерік беріп, самғап кетіп ем талай.

Нұрлан ағамыздың міне, бүгін туған күні екен. Нұреке, Алла күш-қуат беріп, елге ерен еңбегіңізді аямай жүре беріңіз. Төл журналыңыз «Әлімсақ» та сіз туған күнде туған екен. Қос тойыңыз қабат, Қос дүниеңіз абат болсын, – деді ол.

Ұстаханасы «Ұстаз мәртебесі» болған тілшілер аз емес. Соның бірі – Жұлдызай Қалиева. «Маңғыстаулық» атанып үлгерген ару әлі күнге дейін ұстазына тілекші.

– Журналистика атақ пен ақшаға емес, абыройға қызмет етуі тиіс. Журналистке ең керегі – көз. Ол жай жүрмей, бәрін байқап, жан-жаққа мән беріп жүруі керек. Дәл осы сөз әлі күнге дейін санамызда сақтаулы. Себебі журналистикадағы ұстазым, алғашқы редакторым Нұрлан Көбегенұлы ағайымыз осылай тәрбиелеген еді. Менің ойымша, қазір бұлай айтатын ұстаз шамалы. Себебі көп редактор журналистерінің сыни ойлауын сындыруға құмар екенін жиі байқаймын.

Соңғы курсты әлі аяқтамаған кезім. Сол уақытта практикаға барып жүріп, Қызылорда қаласындағы республикалық «Ұстаз мәртебесі» газетіне жұмысқа орналастым. Лекция тыңдаған бір бөлек, редакцияда қызмет ету бір бөлек қой. Алғашында жайлап мақала жаза бастадық. Ақпарат жинақтауды, белгілі бір мекемеге хат жазып, алған деректерді сараптауды үйрендік. Осындай кезде ағай жөн сілтейтін.

Редакцияда күнде қызық, күнде той болушы еді. Әр күніміз көңілді өтетін. Себебі редакторымыз Нұрлан ағайдың әзілдері таусылмайтын. Бірақ бұл «ағай ашуланбайды» дегенді білдірмейді. Әзіл! Осы ретте бір құпияны ашайын. Мен үшін редакциядағы ең қиын болғаны – жазылым. Себебі бұл кезеңде ең көп сөз еститін мен едім. Сонысымен қызық. Қазір алғашқы редакциям мен үшін ыстық мекенге айналды. Жылы естеліктермен есте сақталды. Маған білім нәрін берген, газетке қолтаңбамды қалдыртқан редакторыма алғыс айтамын, – деді Жұлдызай ағынан жарылып.

Түйін! Ағайдың маған да айтқан кеңесі көп. Соның ішінде «Армандай білген дұрыс. Арман-

Айдар САЙЛАУОВ

Арыстанбек ТҰЯҚБАЕВ:

ЖОБАЛАР АВТОРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕН ӘРІ АСПАЙ ЖАТЫР



Басы 1-бетте

Елімізде қашықтан оқыту енгізілгенімен, зертханалық жұмысты қашықта отырып орындау мүмкіндігі аз. Қазір Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне арнап, 3Д форматтағы онлайн зертхана жасаудамыз. Онлайн зертхана бойынша жұмысты пандемиядан бұрын, 2019 жылы бастағаныммен, облыстық білім басқармасынан да, қалалық білім бөлімінен де қолдау болмады. Тек пандемия кезінде М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжі ғана өз серверіне қойғызып, бүкіл мектептерге тегін ұсынды. Бірақ ол кезде де білім ордаларынан қолдау болмады. Кейін колледж оны алып тастап, орнына басқа жүйе орнатты. 2023 жылға дейін онлайн зертхана бойынша платформаны интернетке өз қаржыммен орналастырдым. Бірақ ай сайын қаржы төлеп отыру маған оңай емес. Сондықтан жүйені алуға тура келді.

Қазір жасанды интеллект бағыты бойынша С.Толыбеков атындағы №3 ақпараттық технология мектеп-лицейіне жаңа құрылғы әзірледік. Бұл жүйе Face ID арқылы мектеп қызметкерлері мен оқушыларының қашан келгенін, сабақта кім барын, тіпті басқа келушілердің қай уақытта оқу орнына кіргенін анықтай алады. Құрылғы пайдалануға дайын, дегенмен жауапты мекемелерден қолдау байқалмайды. Айта кету керек, бұл жоба сол оқу орнында қызмет ететін ұлым Асқар Әбудің идеясымен жасалды.

– Университеттегі құрылымдардың тікелей интернет арқылы байланыс орнатуына арналған e-univer платформасы қаншалықты тиімді болды?

– Бұл жүйе арқылы ЖОО-дағы әрбір оқытушының ізденістері мен атқарған жұмысын 90 параметр арқылы көруге болады. Яғни біліктілігі, ғылыми дәрежесі, әдістемелік құралдары мен зерттеу еңбектері, авторлық жұмыстары, қай пәннен дәріс өткізетіні сынды ақпараттар сақталады. Әр оқытушының рейтингін анықтауға, қай мамандық, қазіргіше айтсақ, білім беру бағдарламаларына қандай оқытушылар жетіспейтіндігін де саралауға мүмкіндік бар. Платформа арқылы оқу орнының басшысы құрылым басшыларына тікелей тапсырма жүктейді. Сондай-ақ, ректор блогы арқылы қызметкерлер мен білім алушылар басшыға ұсыныстары мен сұрақтарын қоя алады.

– Бірнеше жыл бұрын "ПетроҚазақстан" мұнай компаниясының сұранысына сәйкес, температура жоғарылағанда мұнайдың тұтқырлығын азайтуға көмектесетін қондырғы жасап шығардыңыздар. Мұнан өзге де коммерциялық жобалар әзірлеген боларсыз?..

– Иә, 2014 жылы "ПетроҚазақстан" мұнай компаниясының ұсынысына сәйкес, сұйықтықтың тұтқырлығын анықтауға арналған құрылғы әзірледік. Себебі жер астындағы мұнайдың азаюына байланысты құрамындағы судың мөлшері көбейді әрі жазда ауа температурасы 60 градусқа жетті. Канададан алдырған құрылғылары 40 градус температураға дейін жарамды екен. Сондықтан біз компанияның талаптарына сәйкес 60 градус температурада тұтқырлықтың мөлшерін дәл анықтайтын құрылғы жасадық. Оған мамандар жоғары баға беріп, қолданысқа енгізді.

Сондай-ақ, сол жылы виртуалды емес, цифрлы зертхана жасадық. Мұндағы датчиктер кернеу, температура сынды физикалық құбылыстарды дәлме-дәл өлшейтін. Бірақ қолдаудың жоқтығынан бұл да жоба күйінде қалып қойды.

– 2017 жылы 3Д принтер арқылы робот "Ақтөсті" жасап шығардыңыздар. Жоба жалғасын тапты ма? Жасанды интеллект арқылы мұнан өзге қандай туындылар жасадыңыздар?

– Сол уақытта магистратурада оқитын қызым Ұлжан Әбуовамен бірге адымдап жүретін алғашқы робот жасауды мақсат еттік. Робот "Ақтөс" "отыр, тұр, жүр, алға, артқа" деген бірнеше тапсырманы орындай алатын. Ол кезде жасанды интеллект қазіргідей емес. Тіпті елімізде қадам жасайтын робот жасалмаған еді. Мұны 2017 жылы ЭКСПО көрмесіне барып, Қазақ цифрлық ғылыми зерттеу институты жобаларын көрген кезде байқадым. Роботтар көрмесінде мамандар "жүретін робот жасаудың күрделі екендігін" жеткізді. Олар "хабарласамыз" дегенімен, кейін хабарласпады. Сол кезде бұл роботты көрген жауапты тұлғалардың "Мұндай шетелде көп" дегені де рас. Бірақ жобаны әрі қарай дамыту керек еді. Сол уақытта шетелдегі Boston dinamics фирмасы да осындай ит жасады. Бүгінде ол робот жасанды интеллектіні меңгерген, қоршаған ортаны танып, кедергілерден өте алады. Ал біздің роботымыз қолдаудың жоқтығынан "күшік" күйінде қалып қойды. 2017 жылы Қазақстанда өткен роботтар байқауында "Ақтөс" I орын иеленіп, Ұлжан Әбуова Жапонияда тағылымдамадан өтті. Бірақ шетелде меңгерген дағдымен жобаны жалғастыруға қаржы жағы тапшы болды.

– Робототехникада нәтижелі еңбек ету үшін қандай салаларды білу қажет?

– Роботехника жоғары деңгейге көтерілді. Бұған бір себеп мектептерде осы салаға арнайы пән енгізіліп, кабинеттер ашылды. Білім беру ұйымдары қазір Arduino қосымшасы арқылы, микроконтроллер, яғни кішкентай компьютер арқылы робототехниканы үйретуде. Соның арқасында робототехника мамандығын үйрену жеңілдеді. Бұл тек механикалық басқару арқылы жұмыс істейді. Бірақ бұл – төменгі деңгей. Енді келесі деңгейге өту үшін Arduino арқылы жасалған роботты жасанды интеллект арқылы басқару қажет. Робот қоршаған ортаны, адамдарды танып, кедергілерден өте алса, әлемдік құрылғылармен бірдей бола алады.

– Еліміздегі IT саланың дамуы туралы не айтар едіңіз. Инновациялық жобалар байқауының көбеюі стартаптардың іске асуына, үздік мамандардың қалыптасуына әсер етті ме?

– Жобалар конкурсы IT саласын дамытуға белгілі бір деңгейде көмектеседі. Бірақ бұл жеткіліксіз. Олар мемлекет тарапынан қолдау таппаса, әлемдік деңгейден қалып қоюы мүмкін. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жанынан Оңтүстік Кореялық университеттің филиалы ашылмақ. Бұл дәл уақытында жасалған бастама деп ойлаймын. Осы арқылы Қазақстандағы жасанды интеллект жобаларын әлемдік деңгейде дамытуға болады. Әйтпесе, жоба, бастама деңгейінде әлемдік биікті бағындыру мүмкін емес.

– Профессор Бақытжан Сайлыбаев туралы естелігіңізді оқып, жоғары білім қазіргідей қолжетімді емес уақытта Мәскеуде оқығандығыңыздан хабардар болдық. Өзіңіз туралы да айтып беріңізші... IT сала, робототехника бойынша қандай мамандардан білім алдыңыз?

– Ғылым жолына келуіме көптеген адамдар көмек көрсетті. Атап айтсақ, Бақытжан Сайлыбаев, Лесбек Ташимов, Әбділдә Төрешбаевтың жол көрсетуімен 1989 жылы Мәскеудің авиациялық институтының аспиранты болдым. Ол жерде физика-математика ғылымдарының докторы Андрей Куницынның жетекшілігімен теориялық механика бағытындағы орнықтылық теориясы, ғарыш мәселелері бойынша кандидаттық диссертация қорғап шықтым. Одан кейін университетте аға оқытушы, 2001 жылдан бастап кафедра меңгерушісі, 2003 жылы "Компьютерлік бағдарламалау" бөлімін бсқарып, Қазақстанда алғашқы болып университетте автоматтандыру жүйесін енгіздік.

– Сұхбат үшін рақмет!

Сұхбаттасқан Айдана ЖҰМАДИНОВА

ПЛАТФОРМА – ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ҚҰРАЛЫ

Платформалар миллиондаған пайдаланушы мен кәсіпкердің жұмысын жеңілдететін цифрлық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналды. Ал өңірдегі жастар қандай қосымша әзірлеуде?



13 мемлекет қолданған Easier together

Қызылорда қаласындағы №264 мектептің 11 сынып оқушысы Жансая Ержанқызының «Easier together» жобасы бүгінде керемет нәтиже көрсетуде. Easier together – сабақ беруге арналған онлайн платформа. Иә, бір қарағанда ерекшелігі жоқ, кезекті жоба болып көрінуі мүмкін. Алайда Жансаяның ақпараттық технологиялар саласындағы бұл жобасы еріктілер мен білімге құштар аз қамтылған отбасыларды бір алаңға біріктіреді. Репетитор мен оқушыны қосатын онлайн платформаның ұстаздары Назарбаев зияткерлік мектебі, Республикалық физика-математика мектебі, Білім инновация мектебінің үздік оқушылары мен жоғары оқу орындарының білім алушылары.

– Бүгінде біз 5 оқу ағынын жүргіздік. 13 мемлекеттің оқушыларын 3 тілде STEM бағытында оқыттық. Атап айтсам, Қазақстан, Ресей, Украина, Түркия, Германия, Оңтүстік Корея, Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Латвия, Тәжікстан, Испания және Белорусь мемлекеті. Ал біздің қызметті пайдаланған оқушылар саны 2500-ге жуық, – деді Жансая Ержанқызы.

Онлайн білім беру командасындағы еріктілер айырбастау негізінде жұмыс істейді.

– Волонтерлер оқушыларға сабақ береді, ал біз олардың ерікті екенін растайтын сертификат табыстаймыз, ресми сайтта көрсетеміз. Сондай-ақ, шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге дайындық және халықаралық емтихандарды тапсыру бойынша құнды ресурстар жиналған жабық телеграм арнасына кіруге мүмкіндік береміз. Шетелдегі университеттер үшін студенттерінің еріктілер тобында болғаны өте маңызды, – дейді жоба авторы.



Бағдарламаға кез келген бала тіркеле алады. Ең бастысы – қолжетімділік. Жансаяның айтуынша, егер Қазақстанда орташа есеппен айына бір пәнді репетитормен оқу 28 000 теңге болса, онлайн платформада 3000 теңге. Оқуға қабылдау үшін оқушыларға қойылатын арнайы критерийлер жоқ. Бағдарламаға қатысушылар 5 пән бойынша білімін жетілдіре алады. Нақтырақ айтсақ, биология, математика, бағдарламалау, физика және химия бағыты.

– Шетелдік еріктілер және студенттермен байланысуда ешқандай мәселе жоқ, себебі әлеуметтік желі немесе Zoom арқылы хабарласамыз.

Сайтты өзім жасадым. Себебі IT саласы бойынша түрлі курстардан өттім. Сондықтан қиындықтар болған жоқ. Менің қолдаушым – ата-анам. Веб-сайтты алғаш құрған сәтте отбасым қатты қуанып, бұл жоба қоғамға оң әсер етіп, пайдалы болса, соңына дейін жалғастыруымды қалады.

Алдағы уақытта жобаға қосымша бағдарлама жасау бойынша жұмыстар жүргіземіз. Сонымен қатар, аудиториямызды кеңейткіміз келеді, – деді кейіпкер.

Айта кетейік, Жансая жақында ғана Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторы ұйымдастырған Idea Battle байқауында жүлделі II орын иеленді.

7 функция біріккен

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылары республикалық хакатонға қатысып, платформалардың қатарын көбейтті. «Necodetau» командасы 2 күн ішінде «Bytebook» жобасын әзірледі. Bytebook – бейнеконференциялар, онлайн тақта және ішкі байланысты қамтамасыз ететін корпоративті әлеуметтік желінің озық платформасы. Авторлардың айтуынша, бұл жоба тиімді командалық жұмыстың кілті. Себебі кәсіпкер немесе жұмыс берушінің шығынын азайту әрі тәжірибе алмасу мүмкіндігі қарастырылған. Жалпы 7 функция қосылған.

Платформаға енгізілген «мессенджер» қызметі тиімді, жылдам және қауіпсіз байланысты қамтамасыз етеді. «Тапсырмаларды басқару» функциясы басшының жұмысты ұйымдастыруға, прогресті бақылауға және команданың мақсаттарына тиімді жетуге көмектеседі. Байланысу үшін бейнеконференциялар да бар. Тіпті қызметкерлердің үлгерімін бақылау мүмкіндігі қосылған. Аталған функция арқылы әр топ мүшесінің жұмысы бағаланады. Платформадағы «оқиғалар күнтізбесі» маңызды іс-шараларды үйлестіруге, тапсырмаларды жоспарлауға және жобалардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Сондай-ақ топ құру, бірлесіп жоспарлау мүмкіндігі, геймификация мен білім базасы бар.

– Біздің платформа арқылы қолданушылар тәжірибе мен идея алмасу мүмкіндігіне ие болады. Қызметкерлерді белсенді қатысуға және нәтижелі жұмыс істеуге ынталандырамыз. Бейнеконференциялар мен онлайн тақтасы бар корпоративтік әлеуметтік желі платформасы ресурстарға жылдам қол жеткізу және сараптамалық қолдау арқылы жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау шығындарын азайтуға көмектеседі, – деді команда мүшесі Ғұбайдулла Орынбеков.

Республикалық байқауға Сыр елінің намысын қорғау үшін барған «Necodetau» командасының құрамында Саят Урикбаев, Хасен Зейнулла мен Ғұбайдулла Орынбеков бар. Жас стартаперлердің айтуынша, байқауда 10 тақырып берілген. Осылайша тез арада шешім қабылдап, хакатонның алғашқы күнінде платформаның тең жартысын әзірлеп үлгерген.

– Жоба әзірге MVP сатысында тұр. Команда платформаны әрі қарай дамытуда. Алдағы уақытта қолданысқа берілетін болады, – деді стартапер.

Студенттерден құралған команда байқаудан жүлдемен оралмаса да, қазылар алқасының назарын аударған. Кәсіпкерлер тарапынан алдағы уақытта инвестор ретінде жобамен бірге жұмыс істеу туралы ұсыныс түскен.

«Жас келсе – іске» дейді дана халық. Жастар – қоғамдағы өзгерістердің қозғаушы күші. Олардың жобалары әлемге оң өзгеріс әкелетіні анық. Инновациялық идеяларға бай жастардың даму қарқынына қарап, болашақта Қызылорда өңірі IT саласының астанасына айналатынына сеніммен қарай аламыз!

Әлия ТӘЖІБАЙ

Қызылордалық оқушылардың IT жобалары

Соңғы жылдары стартап мәдениетінің дамығаны баршамызға мәлім. Шетелдік аренаны бағындырып, инвесторлармен тікелей байланыста жұмыс істеп жүрген жастар стартап-индустрияны мықтап қалыптастырды. Ел аумағында, әсіресе Қызылордада бұл бағыт қарқынды жүзеге асуда. Болашақта стартап қауымдастықтың отанына айналуға қауқары бар Сыр бойындағы инноваторлардың бірнеше жаңа жобаларымен танысайық.

Стартаперлердің жаңа жобалары өңірдің экономикалық дамуына әрі өзекті мәселелерді шешуге жағдай жасайды. Осындай жобалардың бірі – «SAYGAQ AI». Бұл – жасанды интеллектінің көмегімен өрт сөндіруші роботтарды қашықтан басқаруға бейімделген стартап жоба. Мұны жасаған мектеп оқушылары Гафур Шайхы мен Асылжан Абдуллаев. Қазір жоба mvp сатысында. Яғни прототипі бар. Жобаны дамыту үшін оқушылар Idea Battle инкубациялық бағдарламасына қатысқан. Семинарлар арқылы білікті мамандардан тәжірибе жинап, финалға өткен. Олар тынымсыз еңбектің нәтижесінде стартап жобалар байқауында I орын иеленді. Стартаперлердің айтуынша, алдағы уақытта инкубациялық және акселерациялық жобаларға қатысуды жоспарлауда.

Жас болса да, идеясын жүзеге асырып, республикалық байқауларда топ жарып жүрген оқушылардың жетістіктері қуантады. Осы орайда «ReDabyl» жобасына тоқталуды жөн көрдік. Түркістанда өткен «Recodetau» республикалық хакатонында қызылордалық жастардан құралған «NeoNomad» командасы I орын иеленіп, Үндістан мемлекетінде 10 күндік тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды.

ReDabyl – су тасқыны секілді табиғи апат кезінде жұмыс істеуге арналған мониторинг және алдын ала болжаудың кешенді жүйесі. Жобаның міндеті – сенсорлар өзен арналарының бойында орналасқан су деңгейін және қосымша параметрлерді үздіксіз бақылайды.

– Су тасқыны шекті мәннен асқан жағдайда сенсорлар автоматты түрде жауапты органдарға дабыл қағып, ақпарат жібереді. Осылайша мамандандырылған ұжымды қажет нысанға жіберу арқылы жұмыс күшін азайтуға көмектеседі. Біздің зерттеуіміз бойынша, осы секілді цифрланған кешенді жүйе Қазақстан аумағында жоқ және ашық түрде ақпараттың базасы мен анализін бере алмайды. Ал біз пайдаланған сервер мен телефонға дабыл жіберу ашық түрде болады, – деді команда мүшесі Ж.Мұңайтбасова.

Dárumen – онлайн және офлайн сатып алу мүмкіндіктерін біріктіретін медициналық қамтамасыз ету саласындағы қолайлы жоба. Яғни, медициналық заттар сататын вендинг дәріхана. Кез келген уақытта сатып алушыларға ыңғайлылық пен қолжетімділікті қамтамасыз ететін дәріхана арқылы медициналық өнімдердің кең ауқымына тәулік бойы қол жеткізуді ұсынады. Бұл жоба онлайн және офлайн режимінде таңдау еркіндігі мен сатып алу ыңғайлылығын қамтамасыз ете отырып, кезекте тұру қажеттігін жояды. Бұл идея бойынша Алтынай Әубәкір жұмыс істуде. Бұған дейін «Syrlax» жобасы арқылы командасымен бірге «InnoFest» инновациялық жобалар байқауында II орын иеленген. Жобаның мақсаты – облыстағы туризмді цифрландыру, маркетинг бағытын дамыту және туристік нысандардағы сервисті жақсарту.

Дарынды балаларға арналған «Бәйтерек school» мектеп-интернатының оқушылары Нұрсана Серікқызы, Гүлдерайым Тәжібай, Назгүл Жұмағалиева «Literabot: Жарқын болашаққа үміт» жобасын әзірлеуде. Бұл – ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған инновациялық жоба. Жасанды интеллектінің көмегімен жазылған комикстер арқылы теңсіздік пен буллингті түбегейлі жоюға бағытталған.

– Осы мәселелерді азайту мақсатында «Inclusive. people» мен «Ана үйі» қоғамдық қоры демеушілік жасауға дайын, – деді жоба жетекшісі Гүлнар Серікболова.

IT, инновация саласында тәжірибе жинап, жобалармен айналысатын мектеп оқушылары технологияның керемет әлеуетін көрсетуде. Олардың күш-жігері мен жетістіктерінің арқасында заманауи индустрия бір орында қалмайтыны анық.

Жанарыс ТҮБЕКБАЕВ:

РЕЗИДЕНТТЕР ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Қазақстан аумағында ақпараттық технологияларды дамытуда түрлі бағдарламалар қолға алынды. Бұл бағытта өңірде көптеген игі іс атқарылуда. Өткен жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бизнес-инкубаторы және Қызылорда облысының ақпараттық технологиялар орталығының базасында стартаптар мен инноваторларды қолдау және дамытуға арналған Kyzylorda Hub стартаптар технопаркі ашылды. Тиімді стартаптарды құруда, инвестиция тартуда көмек беретін бизнес-инкубатор Astana Hub халықаралық стартаптар технопаркінің облыс бойынша өңірлік хабы ретінде жұмыс істейді. Осы орайда орталық жетекшісі Жанарыс Түбекбаевпен сұхбаттасқан едік.

– Жанарыс Алтынбекұлы, Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының ашылғанына бір жыл болды. Осы аралықтағы нәтижемен бөліссеңіз...

– Иә, расымен де біздің бренд ауысып, жұмыс географиясының кеңейгеніне 1 жыл өтті. Бүгінгідей жоғары дәрежедегі іс-шаралар мен бағдарламалар, әрине, бұрын болмады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық өңірдегі жоғары оқу орындарында өңірлік хабтар ашылғаннан бастап жұмыс істеу мүмкіндіктері айтарлықтай үлкейді. бір жыл төңірегінде Kyzylorda Hub 150-ге жуық іс-шара ұйымдастырды. 4 бағдарлама өткізіп, 5000-нан астам аудиторияны қамтыды. 2 локацияда орналасқан коворкингте жұмыс істеп, жуырда 3-ші жаңа коворкинг ашылу туралы жоспарлап отырмыз. Орталықтың резиденттері іс-шаралар мен байқауларда жүлделі орын иеленіп, республикалық және әлемдік нарыққа шығуды бастады.

– Бизнес-инкубатордың резиденті болу үшін не істеу қажет? Іріктеу критерийлері қандай?

– Орталықтың резиденті атану үшін өтінім жіберіп, іс-шаралар мен бағдарламаларға қатысу қажет. Өтінімдер ерікті түрде www.kyzylorda-hub.kz сайтында немесе kyzylordahub инстаграм парақшамызда қабылданады. Іріктеу критерийлері жоқ, біз кез келген идеяға ашықпыз. Бастысы – қатысушының жігері мен ынтасы.

– Өткен жылы «Startup joly» инкубациялық кезеңі екі мәрте ұйымдастырылды. Үздік жоба, идеялардың ішінде жүзеге асқаны болды ма?

– Startup Joly инкубациялық кезеңінің 46 түлегі бар. Барлығы толықтай жүзеге асып, қызмет атқарып келеді деп айта алмаймын. Соңғы мәліметтер бойынша, 46 жобаның арасынан 13 жоба жұмыс істеп жатыр. Оның ішінде 4 жоба «QazInnovations» қаржыландыру бағдарламасына өтінім беруде.

– Резиденттердің бизнесін қолдау үшін қандай көмек көрсете аласыздар?

– Бизнес-инкубатор резиденттеріне алдымен білім мен тәжірибе алмасу алаңын жасаймыз. Орталықта түрлі бағыт бойынша оқыту курстары бар. Қатысушылар өзіне ұнаған сала бойынша кез келген бағыттағы курстарға қатыса алады. Сонымен қатар бағдарламаға қатысып, жобаларын дамытады. Әрі қарай инвестиция тартуға және демеушілік алу мүмкіндігіне ие болады. Себебі біздің алаңда жақсы жоба жасау арқылы республикалық деңгейге жол ашылады. Ең бастысы жастарға жұмыс жасауға арналған тегін 2 коворкинг бар. Алдағы уақытта біз арнайы зертханалар салуды жоспарлап отырмыз.

Жақында бейне ойындарын жасайтын лаборатория ашылады. Оған қосымша жасанды интеллект, бағдарламалау, инжиниринг лабораториялары да қосылады. Менің ойымша біздің ең басты жұмысымыз әрі міндетіміз – жастарды ояту, табысты болуға ынталандырып, Қызылорда аумағындағы мүмкіндіктерді көрсету. Білім көзін беріп, әрі қарай табысты маман, кәсіпкер болуға мүмкіндік жасау. Жастар арасында Қызылордадағы мүмкіндіктер мен перспективаларға сенім жоқ, біз сол сенімді оятуға жұмыс істейміз.

– Сәтті стартаптарды тартуда қандай тәсіл қолданасыздар?

– Сәтті стартаптар көбіне білімді жастармен бірге жасалады. Расымен де, стартапты бастау үшін мықты интеллект қажет. Сол себепті білім беру ұйымдарымен тығыз жұмыс істейміз. Стартаптар әлемінде аутсайдерлерге орын жоқ. Бұл нағыз бәсекелестіктің мекені, сол себепті барлық күшімізді бәсекелестікке менталды тұрғыда төзе алатын жастарды тартуға жұмсаймыз. Сыр елі мықты жастарға толы, тек олардың зейінін ашу керек. Алайда жастардың басым бөлігі арзан әрі тез дүниеге құмар, ойын күлкіге жақын болып барады. Ал стартап жасау – бірінші кезекте ауыр еңбек және тоқтаусыз білім алу.

– Ақпараттық технологиялар саласында жақсы табыс табу үшін не істеу керек? Қандай дағдыларды дамыту қажет?

– Ақпараттық технологиялар саласында мамандар көп. Бірақ көбісінің мәселесі – өз мамандығын дұрыс білмеуі. Сізде екі жол бар: мықты менеджер ретінде жобаны басқарасыз немесе мықты технолог болып жобаны жасайсыз. Әр адам өзіне жақынын таңдап, сол бағытта дамуы қажет. Егер сіз технология саласына жақын болсаңыз арнайы бағдарламалау тілдерін үйреніп, инженерия негіздерін меңгеруіңіз керек. Сол бағытта дағдыларды дамыта аласыз. IT саласында жоғары білім алу мол табысқа алып келеді деген заң жоқ. Заман және технологиялар тез ауысуда, сол себепті жаңа технологияларды жылдам меңгеруге тырысу қажет.

Біздің орталық – Tech Orda республикалық гранттық бағдарламасының үйлестірушісі. Бұл бағдарламада жастар IT саласының арнайы бір бағытын таңдап, тегін білім жетілдіруге мүмкіндік алады. Ал егер сіз менеджер болғыңыз келсе, жобаның тиімді түрде жүзеге асуына жауапты боласыз. Менеджмент, қаржы, басқару, құқық деген секілді бағыттар сізге тиесілі болады. Осы бағыттардағы негізгі білімге назар аудару қажет. Басты шарттардың бірі – цифрлы және soft дағдылардың жақсы дамуы.

– Инновация дамуды, ізденісті талап етеді. IT хабтың жұмысы тәулік бойы қайнап жатқан шығар?.. Алдағы жоспарлар туралы айтсаңыз…

– Алдағы жоспар өте тығыз әрі қызықты. Сәуір айынан бастап ақпараттық жұмыстар жүргізілуде. Өңірдегі мектеп, колледж, университет білім алушыларымен митап өткізудеміз. Ал семинарлар жыл бойы үздіксіз, тіпті күніне бірнеше семинар өтеді. Осы айда әйелдер қауымына IT және цифрлы дағдыларды дамыту бойынша Tech girls бағдарламасын ұйымдастырамыз. Өткен аптада Kyzylorda Idea Battle облыстық стартап жобалар байқауы аяқталды. Келесі байқау – Kyzylorda Hub Hackathon облыстық IT жобалар хакатоны. Инкубациялық кезең өз кезегімен өтеді. Бастысы, бағдарламалар сұранысқа ие. Облыстық мектеп және колледж түлектері арасында Startup Talapker стартап жобалар байқауы дәстүрлі түрде жыл сайын өтуде. Бұл байқауда үздік түлектерге ЖОО білім гранты табысталады. Интеллектуалды кештер, бизнес таңғы астар, чемпионаттар, воркшоптар жыл соңына дейін жалғасады. Ал жылдың қорытынды байқауы, Innofest Kyzylorda инновациялық жобалар фестивалі биыл да өз ретімен ұйымдастырылады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

ТҰРҒЫНДАР ОНЛАЙН БАҚЫЛАЙ АЛАДЫ

Gov.kz сайтында су тасқынына қарсы іс-шаралардан онлайн трансляция жүргізілуде. Sergek VMS кешенді бейнебақылау жүйесінің арқасында қазақстандықтар нақты уақыт режимінде Атырау облысы мен Атырау, Орал, Қостанай қалаларындағы жағдайды бақылай алады.

Бөгеттер, бекіністер салу жұмыстарының барысы туралы барлық жағдайды бейнебақылау камералары арқылы бақылауға болады. Бұл жедел әрекет етуге және маңызды шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

«Еліміз үшін осындай қиын кезеңде біз де өз тарапымыздан үлесімізді қосудамыз. Енді әрбір азамат онлайн-трансляция арқылы Орал, Атырау, Қостанай қалаларындағы су тасқынына дайындық бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексере алады. Үлкен суға дайындық жұмысын атқарған белсенді азаматтарға, компанияларға, төтенше жағдайлар қызметі мен әкімдік қызметкерлеріне алғыс білдіреміз», – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин.

Қазіргі уақытта gov.kz порталына Атырау қаласы мен Атырау облысы бойынша 22 камера, Орал қаласы бойынша 6 камера және Қостанай қаласындағы 6 камерадан бейне ағындар шығарылған. Sergek Group мамандары онлайн түрде хабар таратуды Sergek аппараттық-бағдарламалық жүйелері жұмыс істейтін басқа қалаларда іске асыруға дайын.

“Біздің компания пандемия уақытында, Абай облысындағы өрт кезінде халыққа қол үшін берді. Бұл жолы да шетте қала алмады. Табиғи апат туралы білгеннен кейін бірден “біз қалай көмектесе аламыз?” деген сұрақ туындады. Қазіргі уақытта ТЖ жедел штабтарында және зардап шеккен елді мекендерде біздің 14 қызметкер жұмыс істеуде. Олар өзен арнасының өзгеруін және су ағынының келуін бақылау үшін бейне мониторинг жүйесін қамтамасыз етуде”, - деді Sergek Group бас директоры Әсет Ахметов.

Ол сондай-ақ Sergek Group мамандары су тасқыны басталғаннан бері зардап шеккен елді мекендерде барынша көмек көрсетіп жүргенін атап өтті. Компания Freedom Telecom және ҚР ЦДИАӨМ-мен бірлесіп Индер ауданының Индер кентінде, Махамбет ауданының бірнеше ауылдарында, Дамба кентінде және Атырау қаласының Зарослый шағын ауданында қашықтан мониторинг жүргізу үшін камералар орнатып, сапалы интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етті.

Адамзаттың қол жеткізген ұлы игілігі – білім биігі. Бүгінде оның сипаты алуан түрлі болып құбылды. Білім ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Білімнің басты сақтаушысы – кітап. Ақылына ақы сұрамайтын құндылық адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» деген еді Ғабит Мүсірепов.

БІЛІМ БАҒДАРШАМЫ

Сәуірдің жиырма үшінші жұлдызы – күллі ғаламның кітапсүйер халқы мен осы сала қызметкерлері үшін мереке. Дәл осы дата 1995 жылы ЮНЕСКО шешімімен «Халықаралық кітап және авторлық құқық күні» болып белгіленген.

Расымен кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғышарттардың бірі. Ақыл-ой тәрбиесі әр заманда жастарға білім берудің негізгі құралы. Білім алуға және ғылымға ұмтылыс халық санасының тереңінен әрдайым орын алды. Халық табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтары бейнеленген ғылымның деректерін, түсініктерін және заңдарын мақсатты игерудің нәтижесі деп білді. Тек ақылды адам ғана терең білімдерді меңгере алатынын түсінді. Білімнің мәнін «Ақылдан қымбат байлық жоқ», «Ақылды сатып ала алмайсың», «Ақыл – тозбас киім,

білім – сарқылмас бұлақ» деген халықтың даналық сөздерінен-ақ байқауға болады.

Тәуелсіздік алғаннан бастап еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында кезең-кезеңімен реформалар жүргізіліп келеді. Сол білім беру жүйесіндегі реформаларды жүргізу Егемен Қазақстанның алғашқы құқықтық құжаттарының бірі – Тәуелсіздік Декларациясында бекітілген болатын. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші тұлға.

Назерке БАЗАРБАЕВА,
Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы

Жеке тектік қорлар облыстың тарихи, экономикалық, мәдени өмірінде елеулі орны бар тұлғалар есебінен толығады. Өмір тарихы насихаттауға тұрарлық, ел есінде сақталуға тиісті жеке азаматтардың құжаттары сарапталып, өңдеуден өткізіліп, архивке қабылданады.

ЕҢБЕГІ ЕСЕЛІ ҰСТАЗ

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің «Қоғамдық-саяси тарихы архиві» филиалы қорындағы «Сыр елінің ғалымдары» қор коллекциясының жеке тектік қор иесі, Қазақстан Халық ағарту ісінің үздігі, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің академиялық профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Әмірбек Тоқбергенов 1934 жылы 15 мамырда Сырдария ауданы Шаған ауылында дүниеге келген. Әкесі Тоқберген Толыбаев Жамбыл колхозының (қазіргі Шаған ауылы) мүшесі, ал анасы Ұрхия Қабылшаева 1928-1943 жылдары колхозда мүше болған. 1951-1952 жылдары Қызылордадағы «1 Мамыр» атындағы орта мектепті бітіріп, 1954-1955 жылдары Алматы қаласындағы шетел тілдері институтының ағылшын тілі факультетінің ағылшын тілі мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Еңбек жолын 1955 жылдан Қызылорда қаласындағы П.Д.Осипенко мектебінде бастаған ол 1957-1961 жылдары 1 Мамыр мектебінде және осы 8 жылда педагогикалық және медицина училищелерінде ағылшын тілінен сабақ берген. 1961-1968 жылдары Ю.Гагарин атындағы мектеп-интернатта, 1968 жылдан бері Қызылорда педагогикалық институтында педагогика және психология, шетел тілдері кафедрасында оқытушы қызметін атқарған. 1970 жылы қыркүйек айында Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институтының жанындағы аспирантураға оқуға түсіп, 1973 жылы бітірген.

Саналы ғұмырының салтанаты, межелі мінбелерінің әр сағаты, бақытының баяндысы, еңбегінің есесі мен көрегенділіктің көшесін ұстаздық қызметтен тапқан. Өмір жолы өнегелі, асқақ арманды асыл ағамыз ілім-ғылымның шырқау көгіне шарықтай көтеріліп, 1974 жылы кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. 1977 жылы шетел тілдері кафедрасы бойынша (оқыту әдістемесі курсы) доцент атағы берілді және факультет аралық шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі қызметін 1988 жылға дейін атқарды. 1988-2003 жылдары педагогика және бастауыш оқыту методикасы, педагогика және психология кафедраларында еңбек етті. Осы жылдарда тек шетел тілдері бойынша білім жетілдіру курстары (Алматы, Горький қалалары) семинар-кеңестер (Пятигорск қаласы) ғана емес, Бүкілодақтық Білім қоғамы өткізген ғылыми-практикалық конференцияларға (Калуга қаласында, Москва қаласында, Душанбе қаласында) республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға (Шымкент, Павлодар, Түркістан қалалары) қатысқан. Дайындаған баяндамалары жоғары бағаланып, 1977 жылы Бүкілодақтық «Білім» қоғамының «Құрмет» грамотасы, 1987 жылы «Ыбырай Алтынсарин» атындағы медалі, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісі, халық депутаттары Қызылорда облыстық Кеңесінің атқару комитетінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. 1969 жылдан бастап жастарға тәрбие беру тиімділігін арттыру мен педагогика тақырыбы бойынша республикалық, облыстық мерзімді баспасөздерде мақалалар жариялады. Университеттің «Жаршы» ғылыми бюллетенінде 2001-2003 жылдары оқу-тәрбие үрдісіндегі инновациялық технология мәселелері бойынша мақалалары жарияланды. Жастарға тәрбие беру тиімділігін арттыру мен оқу-тәрбие үрдісіндегі инновациялық технология мәселелері бойынша республикалық, облыстық, мерзімдік баспасөзден көрінбей қалатын сәті сирек салауатты Әмірбек ағаға 1997 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен академиялық дәрежесі профессор атағы берілді.

«Өмірінің соңғы жылдарында да педагогика және бастауыш оқыту методикасы, педагогика және психология кафедрасында дәріс оқып, кейінгі толқынның кемел келешегіне бағдар берді. Әбекең мәнерлі сөз, өрнекті өлеңге құмар ақынжанды азамат еді. Әңгіме арасында әлем классиктері шығармасымен қатар Абай мен Шәкәрімнің философиялық ой оралымдарын ортаға салып, Мұқағалидің мұң-жырын жүрек көзімен көре білетін» деп әріптестері еске алғанын архив құжаттарынан көруге болады.

Ғұмыр-ғибратын, парасат-пайымын жас буын игілігіне арнаған ағарту саласының ардагері, абзал ағаның асыл бейнесін еске алуды парыз санадық. Адал да үлкен жүректі, қадірменді ұстаз бола білген Әмірбек Тоқбергенов өмірден өткенімен, өнегелі өмірі, ұстаздық бейнесі халықтың жадында сақтала бермек.

А.ҰЗАҚБАЕВА,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ
«Қоғамдық-саяси тарихы архиві» филиалының жоғары санатты архивисі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке ат салысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ә.Ш.ҚҰЛЖАНОВА,
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің кадр және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы

Оқушылар қазірдің өзінде маусымдық лагерьлерді сағынып жүр. Мектеп жанынан ашылған түрлі үйірмелер мен көңілді орталықтар дайындық жұмысын бастап кетті. Жалпы лагерьде балалар коммуникативтік дағдыларға, кәсіби бағыт беру кездесулеріне және салауатты өмір салтын насихаттауға, соның ішінде психологиялық денсаулық пен дұрыс тамақтануға ерекше назар аударып, көшбасшылықты, эмоциялық интеллектіні дамытады.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ: ШУАҚТЫ СӘТ, КӨҢІЛДІ КАНИКУЛ

Биыл лагерьде біз ішкі жан дүниені тануға, шығармашылық әлеуетті дамыту резервтерін ашуға, құрбы-құрдастармен қарым-қатынас құру дағдыларын жақсартуға баса назар аударамыз. Бұл мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беруде өте маңызды. Тиімді оқыту қағидасын бірнеше жыл бойы іске асырып келеміз.

Баланы лагерьге жіберу – ата-ана үшін өте жауапты іс. Әрине, олар баласының тынығып, демалыстан жақсы әсер алып қана қоймай, қауіпсіз және үлкендердің қатаң бақылауында болатын, мейлінше жайлы жерді таңдауға тырысады. Бүгінгі күні балалар лагерінің алуан түрі бар. Олар дәстүрлі сауықтыру лагері, спорттық-туристік, театралды болып бірнеше топқа бөлінеді.

Лагерьде балалар бос уақытын тиімді пайдалануы тиіс. Яғни жаңа нәрсе біліп, үйреніп қайтуы қажет. Мысалы, олар лагерьде өз мүмкіндіктерін анықтай алады. Күнделікті мектеп жағдайында оқушылардың сабаққа келіп-кеткенін ғана аңғарамыз. Баланың қандай өнері бар, қандай іске бейім оны мұғалімдер байқай бермейді. Ал лагерьде балалар басқа қырларынан танылып, ашылып, өз-өздерін жақсы жағынан көрсете алады.

Света ЖАЛМАҒАНБЕТОВА,
Жанқожа батыр атындағы №269 орта мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары

ТАЕКВОНДО. ТУ КӨТЕРГЕН ТҰЛҒА

Таеквондо тарихы тым тереңде. Ал қазақ жерінде 1991 жылдан бастау алады. Оның негізін қалаған халықаралық шебер, қара белдіктің 6-шы дан иегері, әлемге әйгілі спорт шебері Мұстафа Өзтүрік болды. Біз бүгін осы ұлы тұлғаның өнегелі өмір жолына көз жүгірткенді жөн санадық.

Мұстафа Өзтүрік 1954 жылы 23 қарашада Стамбулда туып, 1975-1980 жылдары Тайбэй халықаралық саясат университетінде халықаралық журналистика мамандығы бойынша білім алған. Аңыз адам осы университетте оқып жүріп таеквондомен шұғылданады. Кейін ірі халықаралық жарыстарда жеңімпаз атанып, мұсылман халықтары арасында тұңғыш болып таеквондодан «Халықаралық шебер» дәрежесіне жетеді. Оқуын аяқтаған соң Мюнхен қаласында полицейлер мен ерекше міндет атқаратын арнайы қызметкерлерді даярлайтын бапкерлік қызметке шақырылады. Сонымен қоса Мюнхен қаласында өзінің жеке мектебін ашады. Мұстафа Өзтүріктің таеквондо мектебі 1983 жылы Стамбул қаласында да бой көтереді.

Кейін 1983 жылы қазан айында Копенгаген қаласында өткен әлем чемпионатында Мұстафа Өзтүріктің шәкірті түркиялық Йылмаз Хелвагиоглы алтын алқа, тағы да екі шәкірті қола жүлдеге ие болады.

1990 жылы маусым айында Қазақстан ЛКЖО ОК-нің шақыруымен Қазақстанға келді. Оның келуіне ұйытқы болған ел ағалары Иманғали Тасмағамбетов, Серік Абдрахманов, Талғат Тименов, Төлеген Мұхамеджанов, Бексейіт Түлкиев, Несіп Жүнісбаевтар еді. Кейін осы ел ағалары таеквондоның елімізде дамуына көп еңбек сіңіргені белгілі.

1990 жылы 26 маусымда Алматы қаласындағы Орталық циркте кездесу ұйымдастырып, Мұстафа Өзтүрікті қазақ жұртшылығына алғаш таныстырды. Қазақ халқы шетелде өзінің Мұстафадай ұлы бар екенін білді. Кездесу халық санасына үлкен сілкініс берді. Осы кезден бастап елімізде шығыс жекпе-жегінің дамуы күрт өседі. Кейін Мұстафа Өзтүрік өзінің Түркиядағы шәкірттерін ертіп келіп, «Балуан Шолақ» атындағы сарайда таеквондо өнерін көрсетті. Осы қойылым кезінде қазақстандық екі спортшыға таеквондодан қара белдіктің I даны атағы берілді. Олар Қазақстанға еңбек сіңірген суретші, «Дарын сыйлығы» мен «Ленин комсомолы сыйлығының» лауреаты Бексейіт Түлкиев пен ғалым әрі мемлекет қайраткері, Қазақстанның Монғолия Республикасы елшілігінде жауапты қызмет атқаратын Асқар Абдрахманов болатын. Бұл аталған екі спортшы да бұрын-соңды каратэмен шұғылданған адамдар еді. Сол күннен бастап Қазақстанда таеквондо (WTF) спорты кеңінен етек жая бастады.

1991 жылдың жазынан бастап Алматы қаласындағы Республикалық оқушылар сарайында тұңғыш рет таеквондо (WTF) спортынан үйірме ашылды. Ол мектепке Асқар Абдрахманов жетекшілік етті. Осы жылдың 15 қыркүйегінде мектепке аға бапкер болып Исатай Қабеков келді. Сонымен қоса Дихан Ақаев, Қайрат Қырғызбаев, Серік Рысбаев секілді басқа да бапкерлер осы спорттың дамуына атсалысты. Республиканың бірқатар облысында таеквондо үйірмелері ашыла бастады. Жамбыл облысында Бәйділдә Жұмабеков, Оңтүстік Қазақстан облысында Шадияр Қондыбаев, Қызылорда облысында Қанат Ғизатов, Солтүстік Қазақстан облысында Серік Рысбаев, Атырау облысында Қабибек Мұхитов таеквондодан өз үйірмесін ашты. Ал ең бастысы 1992 жылы Қазақстан Республикалық таеквондо федерациясы (WTF) құрылды. Оның құрылтайшылары Алматы қалалық, Жамбыл облыстық, Оңтүстік Қазақстан облыстық, Қызылорда облыстық, Солтүстік Қазақстан облыстық және Атырау облыстық федерациялары еді. Федерацияның тұңғыш президенті болып Бексейіт Түлкиев сайланды.

1992 жылы тұңғыш рет Қазақстан чемпионаты ресми түрде ұйымдастырылды. Осы жылдың қыркүйегінде Түркияда халықаралық турнир өтіп, бұл жарысқа тұңғыш рет Қазақстанның таеквондошылары қатысты. Жарыстың қорытындысында Қайрат Қырғызбаев пен Сұлтанмахмұт Шоқпытов чемпион атанды. 1992 жылы Мұстафа Өзтүрік Қазақстанның азаматтығын алды. Сол жылы көктемде Қазақстан таеквондо федерациясы Бүкіләлемдік Таеквондо федерациясына мүше болды.

1993 жылы Алматы қаласында қатарынан екі бірдей мектеп ашылды. Олар «Исатай» (Исатай Қабеков) мектебі мен «Мұстафа Өзтүрік мектебі» (Қайрат Қырғызбаев) болды. Сол жылы тамыз айында Мұстафа Өзтүрік пен Бексейіт Түлкиев бастап барған ұлттық құрама командасы Нью-Йоркте өтетін әлем чемпионатында тұңғыш рет бақ сынады. Осы кездегі ұлттық құрама командасының мүшелері Сұлтанмахмұт Шоқпытов, Мұрат Темиралиев, Анвар Үсенов, Имантай Абеев, Ғани Абдуғаппаров, Сакен Төлембетов, Малик Шаншарбеков, Нұрлан Чигитаев болған.

Команданың бас жаттықтырушы Максұт Нарбаев пен жаттықтырушылары Жақсылық Жақсыбеков және Дихан Ахаев болды. Қорытындысында Нұрлан Чигитаев 5 орынға ие болды.

Ал 1994 жылдың ақпан айында Қазақстан құрама командасы АҚШ-тың Колорадо Спрингс қаласында өткен АҚШ-тың ашық чемпионатына қатысты. Сол кездегі Қазақстан құрама командасының мүшелері Сұлтанмахмұт Шоқпытов, Мұрат Темиралиев, Забиболла Амирбеков, Вячеслав Пак, Имантай Абеев, Ғани Абдугаппаров болды. Команда жетекшілері – Мұстафа Өзтүрік пен Бексейіт Түлкиев, Дихан Ахаев.

1995 жылы наурыз айының 15-де қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Өзтүрік дүниеден өтті. Бұл – халықтың қабырғасын қайыстырған қаза еді.

Қуаныш ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
әдіскер

ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдік теннис турнирінде топ жарған қазақстандық спортшыны жеңісімен құттықтады.

«Елена Рыбакинаны Штутгартта өткен теннис турнирінің жеңімпазы атануымен құттықтаймын. Қазақстанның бірінші ракеткасы биылғы маусымда осымен үшінші турнирде жеңіске жетіп отыр. Бұл – үлкен жетістік. Даңқты теннисшімізге толағай табыс тілеймін!» – деп жазылған Мемлекет басшысының Instagram парақшасында.

БИЛЕТ САТЫЛА БАСТАДЫ

Париждегі жазғы Олимпиада ойындарына 250 мың жаңа билет сатылымға шықты.

Ол дүбірлі доданың басталуына 100 күн қалуына орайластырылған. Билеттердің жартысынан астамының құны 100 еуродан төмен. Жалпы спорттық шараның 10 миллиондай билеті сатылымға шыққан. Олардың бағасына қатысты көп сын айтылып келді. Өйткені арзандарының дені оқушылар, волонтерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға алдын ала тапсырыспен алынып қойылған.

ЖАҢА БАПКЕР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

OG киберспорт ұйымы Counter-Strike 2 командасына жаңа бас бапкер тағайындады.

Бұл қызметке франциялық бапкер және бұрынғы ойыншы Ламберт Lambert Пригент тағайындалды. Ресми хабарландыру клубтың әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Ламберт бапкерлікті 2024 жылдың қаңтарында OG-де бас бапкер Каспер ruggah Дьюдің көмекшісі болған кезде бастады.

Қазіргі OG құрамы:
– Масей F1KU Миклаш;
– Брам Nexius Кампана;
– Нильс k1to Грун;
– Никита HeavyGod Мартыненко;
– Ламберт Lambert Пригент (бапкер).

КАРАТЭШІЛЕР СЫР ЕЛІНДЕ БАҚ СЫНАДЫ

«Евразия» спорт кешенінде Киокушинкай-кан каратэден Қазақстан Республикасының кубогы өтті. Аталған жарыс Азия чемпионатына іріктеу мақсатында ұйымдастырылды. Жарысқа еліміздің 16 облысынан 600-ден астам спортшы қатысты.

Жекпе-жек облыс әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық киокушинкай-кан каратэ федерациясының Қызылорда облыстық филиалының президенті Данияр Жаналинов ашып, халқымыздың ежелгі жауынгерлік рухын көтеруде үлкен маңызы бар аталған спорт түрін дәріптеу – бүгінгі барша спорт сүйер азаматтардың мерейлі міндеті екенін атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық киокушинкай-кан каратэ федерациясының президенті Омархан Өксікбаев өз құттықтауын жеткізіп, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарыс айтарлықтай жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Балалар, жасөспірімдер, жігіттер арасындағы жекпе-жек те, қыздар арасындағы текетірес те тартысты өтті. Турнир жас спортшылар үшін ғана емес, олардың ата-аналары үшін де эмоцияға толы болды. Олардың бірі перзентіне мотивация берсе, бірі сөзбен қолдады.

Спортшылар ката және кумитэ жүйелерінен сынға түсті. Қазақстан кубогында астаналық спортшылар жоғары нәтиже көрсетті. Олардың еншісінде барлығы 54 (22 алтын, 15 күміс, 17 қола) медаль бар.

Ал Ақмола облысының командасы 18 (8-7-3), Ұлытау облысы 21 (7-4-10) медаль еншіледі.

Сондай-ақ татами төріндегі тартыста дан-тест емтиханынан өткен спортшыларға қара белбеу табысталды.

Облыс атынан қатысып, жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларға келсек, ката бағдарламасы бойынша +18 жас аралығында Мәди Мейрамбек I орынды иеленсе, Әли Мейрамбек II орынды еншіледі. Осы спортшыларымыз кумитэ бағдарламасы бойынша да жүлделі III орынға тұрақтады. Қыздар арасынан Балнұр Серік пен Еңлік Жанатова да III орынды жеңіп алды. Жаттықтырушылары – Б.Мұханов. Қызылорда құрамасы осы жарыс бойынша 8 жолдамаға ие болды.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

СУШИ – ЖАПОНДЫҚ АСХАНАНЫҢ СИМВОЛЫ

Кез келген дастарханның сәнін келтіретін түрлі-түсті сушиді жеп көрмеген адам жоқ шығар. Дәмі өзгеше, түрі сүйкімді бұл ас – жапондық асхананың символы. Теңіз өнімдерінен жасалатын тәтті тағамның шығу тарихы қандай? Адам ағзасына қаншалықты пайдалы, қаншалықты зиян?

Суши – күріш пен теңіз өнімдерінен жасалған дәстүрлі жапон тағамы. Сушидің тарихы сонау Оңтүстік Азиядан бастау алады. Алғашында асылған күрішті балықтың ұзақ сақталуы және консервациясы үшін пайдаланған. Бірнеше ай бойы балық пен күрішті сүт қышқылымен ашыту процесі жүріп, балық бір жылға жуық уақыт тұтынуға жараған. Бертін келе балықтың иісі сіңген күріш жеуге жарамсыз деп саналып, тек XVI ғасырдан бастап бұл компонентті ас мәзіріне қосуға болады деп танылды. Жалпы суши сөзі жапон тілінен аударғанда “маринадталған балық” дегенді білдіреді. XVII ғасырдан бастап осы тәсіл арқылы арнайы суши жасала бастады.

Сушидің көптеген түрі бар. Мысалы, нигир – күріштің ішіне салынған балық. Нигирдің ішіне балықтан бөлек басқа да теңіз өнімдерін қосуға болады. Маки – бұл нориге оралған, роллға бөлінген күріш (басқа да ингредиенттер болуы ықтимал). Сашими – күрішсіз ұсынылатын шикі балық немесе теңіз өнімдерінің жұқа тілімдері.

Айта кететін жайт, бұл тағам түрінің денсаулыққа біршама пайдасы бар. Сушиге пайдаланылатын балық түрлерінің көп бөлігі ақуызға толы және құрамында Омега-3 сынды қышқыл майлар кездеседі. Бұл дәрумендер адамның жүрегі мен миының жақсы жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар сушидің құрамындағы балық пен түрлі көкөністе В витамині мен йод, кальций дәрумендерінің де барын ескерген жөн.

Суши – колориясы аз тағамдардың бірі. Әрине, соус пен васабиді көп мөлшерде қолданбаған жағдайда. Яғни суши – арықтағысы келетін адам үшін таптырмас өнім. Күріштің құрамындағы көмірсулар адамға энергия берумен қатар қандағы қант мөлшерін бірқалыпты ұстауға ықпал етеді.

Десе де әр дүниеге екі жақты қараған абзал. Сушидің пайдасымен қатар зияны да жоқ емес. Бұл тағам түрі көбіне шикі балықтан жасалатыны белгілі. Шикі балықтың құрамындағы паразит адам ағзасына түссе, ауруға шалдықтыруы да мүмкін. Сондықтан сушиге тапсырыс бермес бұрын құрамына назар салып, өзіңіз таңдаған асхананың сапасына да көңіл бөлу қажет. Мейлінше тек суши жасауға арналған желілерден тапсырыс берген жөн.

Суши жайындағы қызық ақпаратқа келсек, әлемдегі ең қымбат сушидің бағасы шамамен 3000-3500 долларды құрайды. Бұл соманы теңгеге шақсақ, 1 500 000 теңге көлемі. Неге сонша қымбат тұрады дейтін шығарсыз. Бұл асты әзірлеушілердің тілімен айтқанда “алтын суши”. Дәмділігіне, құнарлылығына берілген баға емес, шынымен – алтын. Алтын сушиден дәм татқыңыз келсе, Филиппин еліне барыңыз. Филлипиндік бас аспаз Анжелино Аранета сушиді осындай ерекше тәсілмен дайындауды әдет қылған. Оның айтуынша, жай ғана дәмді суши мен ролл жеткіліксіз. Оның дәміне қарай түрі де көркем болуы қажет.

Саида ЕСЖАНОВА,
студент

ЕРЕКШЕ ЕСІМ ЕГЕЛЕРІ

Атадан балаға қалып, ұлттар арасында қаншама ғасыр бойы жалғасын тауып келе жатқан маңызды құндылықтің бірі – есім. Шыр етіп дүние есігін ашқан әрбір сәбиге есім қойылып, сол есім елдің де есінде қалған шақтар аз емес. Ата-ана баласына есім таңдайтын сәтте өте мұқият болып, оның мән-мағынасына, астарына тереңінен үңілген. Себебі есім – адам тағдырына әсер етеді деген пайым бар.





Аян беру. Көбіне дүниеге сәби келер шақта орын алатын тылсым құбылыс халық арасында кең тараған. Қазақ халқы аянды белгі деп қабылдап, баланың есімін соған байланыстырып қойған.

– Әпкем мен дүниеге келер алдында түс көріпті. Аян берген екен. «Әрекет түбі берекет» деген халық даналығына сүйене отырып, өмірі тек шаттыққа толы болғай деп есімімді Берекет қойыпты.

Сенсорлы телефондар қолжетімсіз кезде, әр үйде үй телефоны болатын. Мен жоқта достарым хабарласса, үйдегілер «Берекет ойнауға кетті, далаға шығып кетті» деп жауап қататын көрінеді. Қазақ халқы өзі нанымсенімге жақын емес пе? Ешқашан «Берекет жоқ» деп айтпаған екен. Есіміме қызығушылық танытатындар көп, қашанда жүрген жерім көңілді. Мені ерекше ететін есімім өзіме де, өзгеге де ұнайтынына қуанамын, – дейді Берекет Әлібекұлы.

Қазақстанда өте сирек кездесетін есімдер аз емес. Мәселен, Айтілес есімі небәрі екі-ақ адамда ғана бар.

Келесі кейіпкеріміздің де нысбысы өте ерекше және сирек кездесетін есімдер қатарында.

– Менің есімімді, білуімше, анам қойған екен. Анамның осы таңдауы үшін әрқашан алғыс білдіріп өтемін. Отбасымда үш бауырым бар. Ағамның аты Бекжан, сіңілімнің есімі – Әсем. Ал менің есімім – Аниса. Құжат бойынша Айниса. Өсе келе есімім өзгеріске ұшырап, Аниса атанып кеттім. Орыс мектебінде оқыған-дықтан ба, көпшілік осылай атады. Оған мен де, менің ортам да үйреніп кеткендіктен, есімімді осы өзгерісімен қабылдадым.

Мағынасына келетін болсақ, Аниса есімі өте мейірімді, достыққа жақын, нәзік жан, талантты шығармашыл тұлға дегенді білдіреді. Ал діни тұрғыдан алып қарасақ, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың сүт анасының есімі болған. Сондай-ақ Құранда «АнНиса» деген аят бар екен. Алайда балаңызға діни есім беретін кезде тереңінен ойланған жөн. Себебі оның мағынасы ауыр. Аттың киесіне ұшырауы да мүмкін. Мен баламның есімін қоятын кезде аян беріп, Ислам қоямын деп шешкен едім. Алайда отбасым діни есімнің адам өміріне қатты әсер ететінін алға тартып, ойымнан айнытпадым.

Бұрын сирек болғанымен қазір Аниса есімді бүлдіршіндер көбейіп келеді. Балабақша тәрбиешілері менің есімімді естісе таңғалатындықтарын жасырмайды, – дейді Аниса Жеткерген.

Есімі ерекше жан көп. Қазір аты-жөні де, тегі де бір әріптен басталатын адамдарды жиі кездестіруге болады. Көбіне мұндай есімдер сәттілік әкеледі деген сенім бар. Сондай-ақ эстетикалық тұрғыда өте әдемі көрінеді. Ал келесі кейіпкеріміздің есімі тегімен бірдей десек те болады.

– Есімім арқылы жерлестерімді табу еш қиындық тудырмайды. Қызылордадан ат басын Алматыға бұрып, оқуға кеткенімде мегаполис мені кері итермеді. Себебі есімім арқылы жерлес ағайындарымды таптым. Ол үшін ізденудің де аса қажеті болмады. Бар болғаны атымды атасам, көңілі жайсаң жерлестер дос болуға ұмтылатын еді. Есімім – Аралбек. Арал – туған өлкем. Ал «бек» деп бұрындары болыстарды, қолбасшыларды атаған. Есімімді әкем қойып, Аралдың бегі болсын деп ырымдаған екен. Әкемнің аты – Аралбай. Қызығы да сол. Менің толық аты-жөнім Аралбайұлы Аралбек Аралбаев. Көбі атымды шатастырып, Аралбай деп те атайды. Бірақ бұл мені ренжітпейді, тек күлкі сыйлайды, – дейді есімі ерекше Аралбек Аралбаев.

Бұрындары біртекті есімдер көп болушы еді. Алайда заман талабына сай бұл үрдіс өз мәресіне жетіп, соңғы жылдары заманауи аттар танымал бола бастады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, өткен жылы 274 рет ұл балаға Әлихан есімі қойылса, 491 рет қыз балаға Медина деген есім таңдалған. Одан бөлек, ұлдар арасында Омар, Алдияр, Әмір, Әли, ал қыздар арасында Айша, Асылым, Айлин есімдері жиі қойылады екен.

Нұршат НЫШАНОВА

ГЛЮТЕН ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бұрын үлкендер “асқа нан қосып жесең, тойымды болады” десе, қазір нутрициологтар “нанды аз же, тіпті жемеген дұрыс” дейді. Түрі тәбетіңді ашатын тәтті торттан, дәстүрлі ұн тағамдарынан ешкімнің бас тартқысы келмейтіні рас. Дегенмен дәрігерлердің бұлай айтуына не себеп болды? Ғылыми зерттеулерге қарасақ, бәріне “кінәлі” – глютен.

Латын тілінен аударғанда желім деген мағынаны білдіретін глютен глиадина және глютенин деген екі протеиннен тұрады. Бидайда 80%, қара бидайда 15,7 %, арпада 22,5%, сұлыда 21% глютен кездеседі.

Демек ұннан жасалатын тағамдарда, кондитерлік өнімдерде, тіпті қазір иогурт, сүзбе, балмұздақта да глютен кездеседі. Құрамында глютені бар сорпа тойымды, ал йогурт дәмді болып келеді. Шоколад суфлесі, тоқаштар мен бәліштердің де дәмі тіл үйіруіне глютеннің әсері бар. Бірақ желім секілді жабысқақ ақуыздың зиянын ескере бермейді екенбіз.

“Барлық адамда целиакия болмауы мүмкін” дейді дәрігер Назерке Ермекқызы. Целиакия – тұқымқуалаушылық арқылы берілетін, глютенді көтере алмаушылық. Яғни ішектің бүрлерін жояды. Бірақ қарапайым бидайдың протеині 80% глютеннен тұратынын ескерсек, сау ағза мұндай мөлшерді көтере алмауы мүмкін.

– Глютен негізінен суда ерімейтін ақуыз. Оны көп тұтынса, ішектің бүрлерінде тұрып қалады да, оның қызметін бұзады. Енді қараңыз. Тұтынып жүрген барлық пайдалы тағам, ішіп жатқан дәрумендер барлығы дерлік ішекте сіңіріледі. Сол үшін де тағайындалған диетаны сақтағыңыз келмей ме, онда нутрицевтиктерді ішу үшін дәрігерге қаралудан пайда жоқ. Себебі ішіп жатқан дүниеңіз жай ғана сіңбеуі мүмкін. Бір қызығы, глютен құрамындағы глиадин ішектен қанға өтіп кетсе, иммунитеттің агрессиясын шақырады. Содан иммунитет глиадинмен күресті бастайды, – дейді дәрігер.

Глютен дәрумендерді ағзаға өткізбеумен қатар ішектің қызметін бұзып, иммунитетті нашарлатады. Соның нәтижесінде адамда анемия, аллергия, гиповитаминоз пайда болуы мүмкін.

Кейде “неге дәрі-дәрмек көмектеспейді?”, “неліктен менде аллергия бар?” деген сұрақтар туындаса, оның бір себебі глютенді тағамдар болуы мүмкін.

Ал мамандар денсаулыққа пайдалы болуы үшін жүгері, тары, жасыл қарақұмық ұнын пайдалануды ұсынады.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 7089
Тапсырыс: 654